

Эльмар МАММАДИЯРОВ

Әзербайжан Республикасының Сыртқы істер министрі

Әзербайжан Республикасының дипломатиясына 100 жыл: дәуірлер мен кеңістіктер тоғысында ұлттық мүдделер айқасы

*Әзербайжан Республикасының Сыртқы істер министрлігі*

1919 жылдың 9 шілдесінде Әзербайжан Халық (Демократиялық) Республикасының (ӘДР) Сыртқы істер министрлігінің хатшылығы туралы уақытша нұсқау қабылданды. Осы жайт негізге алына отырып Әзербайжан Республикасы Президенті Ильхам Әлиевтің 2007 жылдың 24 тамызындағы Қаулысына сәйкес аталмыш күн Әзербайжан дипломатиялық қызмет органдары қызметкерлерінің күні болып белгіленді. Қазіргі таңда ӘДР-дің халықаралық аренада алғаш қадам басқан кезеңінен бері жүз жыл өтті. Бұл – бірінші дүниежүзілік соғыстың өртіне

шарпылған бұрынғы империялардың күйреуі, Әзербайжанның мұсылман Шығыстағы тұңғыш республика сипатындағы тәуелсіз мемлекет ретінде құрылуы, кейін тәуелсіздігінен айрылып, жетпіс жыл бойы КСРО құрамында болуы, сондай-ақ 1991 жылы Әзербайжан Республикасының қайтадан тәуелсіздігін жариялап, ширек ғасырдан астам уақыт өз аймағы мен әлемдегі орнын нығайта түсуі секілді маңызды оқиғаларды қамтыған адам сенгісіз қарқынды ғасыр болды.

Осы уақыт ішінде Әзербайжан халқы



Әзербайжан Республикасының Сыртқы істер министрі Эльмар Маммадияров

жаһандық державалардың әртүрлі сипаттағы мүдделері қиысқан кеңістікте орналасса да, тарихтың күтпеген бетбұрыстарында өз бостандығын сақтап қалу жолындағы ерекше ерік-жігері арқылы өзіне тән бай мемлекеттілік дәстүрін, оның ұлттық санадағы сабақтастығы мен мызғымас негізін айқын көрсете білді.

Өткен ғасыр, негізінен алып қарағанда, Әзербайжанның қазіргі мемлекеттілігінің құрылып, қалыптасуы мен дамуының жылнамасы сипатында болды. Біздің тарихымыздағы республика кезеңінің кенеттен, негізсіз пайда болмағанын, оның өз өткенімен сабақтаса отырып, заңды жалғасын тауып жүзеге асқанын айта кеткен жөн. Ұлы Жібек жолының негізгі тораптарының бірінде орналасқан Әзербайжан Наполеонға телініп айтылатын «География – бұл тағдыр» деген нақыл сөздің әділдігін өз мысалында мыңжылдықтар бойы сезініп келді. Ел мүдделерін қорғаудың сыртқы саяси механизмдері шиеленісіп тұрған ортада алыс-жақын елдермен келісімге келу біздің ата-бабаларымызға жат емес болатын. Әртүрлі елдердің архивтерінде ортағасырлық Әзербайжан мемлекеттері мен Еуропа, Ресей

және Азияның сарайлары арасында елшілік байланыстар болғаны жөнінде біраз құжаттар сақталған. Сол кезеңнің ең есте қаларлық тұлғаларының бірі – Аққойлы мемлекетінің билеушісі Ұзын Хасанның анасы, XV ғасырда өмір сүрген Сара Хатун. Мемлекеттік істерде аса көрегенділігімен ерекшеленген ол үнемі маңызды келіссөздер жүргізіп, тіпті Осман сұлтаны II Мехмедпен келісімшарт жасауға қол жеткізіп, мұсылман әлеміндегі тұңғыш әйел-дипломат ретінде есімін тарихта қалдырған.

XIX ғасырда әлеуметтік-саяси қоғамның жаңа типі – ұлт болып қалыптаса бастаған Әзербайжан халқының бай тарихи іргетасы міне осындай болатын. Бұл процесс Шығыс Еуропаның көптеген елдерімен бір уақытта жүзеге асып, Парламенттік республика сипатындағы Әзербайжан мемлекетінің жариялануын қамтамасыз етті. 1918 жылдың 28 мамырында Ұлттық Кеңес қабылдаған Әзербайжанның Тәуелсіздігі жөніндегі актіде: «Әзербайжан Демократиялық Республикасы өз территориясында ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайына және жынысына қарай бөлместен, барлық азаматтарына азаматтық және саяси

құқықтарды таниды» деп мәлімделді. Аталмыш құжатта сонымен қатар, Әзербайжанның халықаралық қауымдастықтың барлық мүшелерімен тату көршілік қарым-қатынас орнатуға ұмтылатыны баса көрсетілді.

ӘДР өмір сүрген кезең бірінші дүниежүзілік соғыстың салдарын қорытындылау, большевиктік өктемдік және көршілес Арменияның басқыншылық әрекеттері секілді шиеленісті оқиғалар белең алған алмағайып, күрделі уақыт болумен қатар, Әзербайжанның сыртқы саяси байланыстарының дамуы үшін де шешуші кезең болды. Сол кезеңде Бакуде 16 мемлекеттің дипломатиялық миссиясы жұмыс істеді. Олардың арасында АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия, Швеция, Швейцария, Бельгия, Персия, Польша, Украина және т.б.



І-ші Аббас Шах шетелдік елшілерді қарсы алуда. XVII ғ. Тәбриз миниатюрасы

елдер болды. Өз кезегінде ӘДР Үкіметінің де Париж бітім конференциясындағы делегациясын былай қойғанда, Грузияда, Арменияда, Түркияда, Украинада және басқа да елдерде дипломатиялық және консулдық өкілдіктері болды. ӘДР Үкіметінің үздіксіз жүргізген түсіндіру жұмыстарының, сондай-ақ шет мемлекеттермен бірлесе әрекет етуі арқасында 1920 жылдың 11 қаңтарында Париж Бітім конференциясының Жоғары Кеңесі ӘДР-ді де-факто таныды. Бірақ 1920 жылдың 28 сәуірінде XI Қызыл армияның тегеурініне төтеп бере алмаған ӘДР-дің құлауы Әзербайжан тәуелсіздігінің халықаралық деңгейде толық танылып, Ұлттар Лигасының (БҰҰ) қатарына қабылдануына мүмкіндік бермеді.

Халықаралық жағдай адам нанғысыз жылдамдықпен күрт өзгеріп жатқан күрделі кезеңде бар болғаны 23 айға созылған қысқа мерзімді тарихында бес рет министрлер кабинетінің құрамын өзгертіп үлгерген Әзербайжан Демократиялық Республикасы өзінің шет елдермен дипломатиялық байланыстар орнатып, өзара ықпалдастықты дамытуды мақсат тұтқан ел екенін әлемге паш етті.

Бұлжайтты 1920 жылдың сәуірайында билікке келген жаңа большевиктік басшылық та елеусіз қалдыра алмады. Осылайша Әзербайжан КСР Сыртқы істер министрлігі 1921 жылдың соңына дейін жұмыс істеп, 1923 жылға дейін Бакуде бірқатар мемлекеттің дипломатиялық миссиялары сақталды, ал Анкарада Кеңестік Әзербайжанның Өкілетті өкілдігі болды. ЗСФКР (Закавказье Федерациясы) құрылып, КСРО құрамына енгеннен кейін Әзербайжанның сыртқы саясат жүргізу жұмыстары және сыртқы әлеммен байланысы шектеле бастады. Осылайша Әзербайжан да басқа одақтық республикалар секілді 1944 жылға дейін сыртқы саяси байланыстарын жалғастыру құқынан айрылды. Алайда 1944 жылы Мәскеуде екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталуын күтіп отырғанда КСРО құрамындағы республикаларда Сыртқы істер халық комиссариатының жұмысын символикалық деңгейде болса да қайта қалпына келтіруге шешім қабылданды. Бұл мекемелер 1946 жылы министрліктер ретінде қайта құрылды. Соған



I-ші Тахмасиб Шах шетелдік елшілерді қарсы алуда. XVII ғ. Чехел-Сотун сарайындағы фреска. Исфахан

қарамастан, 1968 жылға дейін олар тәуелсіз, дербес мекеме сипатында болған жоқ. БҰҰ-да өз өкілдіктері болған Украина мен Беларусьтан басқа одақтас республикаларда сыртқы істер министрі лауазымындағы тұлға басқа да жауапты қызметтерді қатар алып жүрді. Алайда 1968 жылы Баку сыртқы істер министрі тек дипломатиялық жұмыспен айналысатын тұңғыш астанаға айналады.

Негізінен алғанда, кеңестік Әзербайжанды Гейдар Әлиев басқарып тұрған кезеңде басқа да көптеген салаларда болғаны секілді Сыртқы істер министрлігі де кәсіби мектептің нақты түрде қалыптасуымен есте қалды. Бұл жайт кейіннен жас Әзербайжан Республикасының дипломатиялық кадрларының негізін қалап, қалыптастыруға оң ықпал етті.

1991 жылы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін қалпына келтіріп, 1992 жылдың 2 наурызында БҰҰ-ның толық құқылы мүшесіне айналған Әзербайжан тағы да Армения Республикасының XX ғасырдың басындағыдай басқыншылық әрекетіне тап болды. Армения Әзербайжан Республикасының территориясын басып алу мақсатында заңсыз түрде күш қолданып, Ходжалы геноциді секілді жаппай этникалық тазарту жүргізіп, халықаралық гуманитарлық құқықты өрескел бұзды. Әзербайжан ширек ғасырдан астам уақыттан бері өзінің территориялық тұтастығын қалпына келтіру, сондай-ақ қоныс аударуға мәжбүр

болған тұлғалардың Әзербайжанның әлі де оккупациядағы Таулы Қарабах аймағы мен онымен шектесетін әкімшілік аудандардағы туған жерлеріне қайта оралу құқығын қайтару үшін күресіп келеді.

Қазіргі жағдайда Армения Республикасының әскери басқыншылығының салдарын жою бірінші кезектегі аса маңызды проблема болып тұр. Халықаралық қауымдастықтың жауапты мүшесі ретінде Әзербайжан Республикасы бұл проблеманы нақты нәтиже алуға бағытталған қарқынды келіссөздер жүргізу арқылы бейбіт жолмен шешуге тырысып келеді. Өзімізге мәлім, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі 1993 жылы 822, 853, 874 және 884 нөмірлі төрт шешім қабылдады. Бұл құжаттарда Әзербайжанның территориялық тұтастығы мен егемендігіне қолдау көрсететілетіні білдіріліп, Таулы Қарабах аймағының Әзербайжанға тиесілі екені нақты расталды, басқыншылық әрекет пен ел территориясының басып алынуы айыпталып, басқыншы күштердің дереу, толық шығуы талап етілді.

Ал Армения Республикасы күш қолданбау немесе күшпен қауіп төндірмеу, халықаралық жанжалдарды бейбіт жолмен шешу, мемлекеттік шекаралардың мызғымастығына және мемлекеттердің территориялық тұтастығына құрметпен қарау жөніндегі халықаралық міндеттіліктерді орындаудан бас тартып, ұзақ жылдар бойы даулы мәселені шешу процесіне



Әзербайжан Демократиялық Республикасы Парламенті мүшелері және Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлері. Антанта елдерінің ӘДР-ның тәуелсіздігін тануына орай өткен салтанатты шарадан кейін. 11 қаңтар 1920ж.

барынша кедергі болып келеді. Алайда мұндай әрекеттері ақыр соңында аталмыш елдің өзін тығырыққа тіреді. Енді бұдан шығудың жолы көршілермен қарым-қатынасын реттеп, басқыншылық пиғылдан бас тарту болып табылады. Армения басшылығы осы даусыз

ақиқатты қаншалықты тезірек түсініп, өзі басып алған территориясынан әскери күштерін шығаруға саяси ерік-жігер көрсете білсе, аймақта тұрақтылық, бейбітшілік, қауіпсіздік және дамуды қамтамасыз етуге де соншалықты тезірек қадам басар еді.



Түркия Республикасының Басшысы Мұстафа Кемаль Ататүрк Әзербайжан Кеңестік Социалистік Республикасының Анкарадағы елшілігінің ашылу салтанатында. Ататүрктің оң жағында Әзербайжан елшісі Ибрагим Абилов. 1921 жыл

Екінші жағынан, Әзербайжан мемлекеті жүргізіп отырған салиқалы, көп векторлы саясат, сыртқы басқыншылық факторының болуына қарамастан, халықаралық қатынастар жүйесінде елдің маңызы мен халықаралық беделінің нығаюын қамтамасыз етуде. Әзербайжан екі жақты және көпжақты форматтарда теңқұқылы негізде өзара тиімді ынтымақтастықты дамытып, сыртқы байланыс орнату арқылы ұлттық дамудың қажеттіліктерін қамтамасыз ету жолында мақсатты түрде алға басуда. Осылайша, Армениядан басқа барлық көршілес елдермен әртүрлі ынтымақтастық қарым-қатынастар табысты дамып келеді. Әзербайжан Шығыс-Батыс, Солтүстік-Оңтүстік, Оңтүстік-Батыс дәліздері шеңберінде логистикалық жобаларды жүзеге асыру үшін өзінің транзиттік мүмкіндіктерін ұсынуда. Еліміздің бай энергетикалық әлеуетін ашу

бағытындағы жұмыстар жалғасын табуда. Ұзақ жылдар бойы үлкен табыс түсіріп келген негізгі экспорттық Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырымен қатар, Оңтүстік газ дәлізіне қатысты жұмыстар да аяқталуға жақын. Әзербайжан Каспий жағалауы мемлекеттерінің келіссөздеріне де белсенді түрде атсалысып келеді. Аталмыш келіссөздер нәтижесінде 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияға қол қойылды. Бұл құжат аймақта бейбітшілік, татулық, тыныштық пен ынтымақтастық орнату үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етеді. Мұның барлығы бізге жаһандық экономикалық өсуге кедергі келтірген дағдарыстың жағымсыз әсерлерін азайтуға мүмкіндік берді.

Осылай жинақталған ішкі әлеует әртүрлі халықаралық іс-шаралар мен бастамаларда Әзербайжанның үлкен жетістігіне айналып келеді. Еліміз 2012-2013 жж. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде тұрақты емес мүшелігінен кейін 2017-2019 жж. үшін БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің құрамына 176 дауыспен сайланды. 2019 жылдан бастап Әзербайжан БҰҰ-нан кейінгі екінші халықаралық платформа болып табылатын «Әскери Одақтарға қосылмау қозғалысына» төрағалық етуде. Ол бұл қозғалысқа 2011 жылы қосылған болатын. Аталмыш ұйымның салыстырмалы түрде жаңа мүшесінің оны басқаруы — ең жоғары деңгейдегі көрсеткіш болып табылады. Еуропалық Одақпен ықпалдастық саласында қол жеткізген елеулі табыстар да, НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Араб Мемлекеттері Лигасы, Африка Одағы, Америка Мемлекеттері ұйымымен ықпалдастықтардың дамуы да, біздің ұлттық мүдделерімізді алға тартып, қорғау мәселесінде қолайлы ортаны қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ресми Баку өзі мүше болып отырған халықаралық құрылымдар аясындағы ынтымақтастықтарды дамытуға белсенді түрде атсалысып келеді. ЕҚЫҰ, Ислам Ынтымақтастық Ұйымы, Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі, ТМД, ГУАМ ұйымы, Еуропалық Кеңес және Қаратеңіз Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымы — бұлардың тек бірнешеуі ғана.

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Әзербайжанның орны мен рөлін айтқан кезде,



Анкарадағы Әзербайжан КСР елшілігі. 1921 жыл

оның негізгі күш орталықтарынан берілетін дабылдардың тек қабылдаушысы (акцепторы) ғана емес, сонымен қатар әлемнің күн тәртібін айқындауға елеулі үлес қосып келе жатқан қатысушысы (продуцент) екенін де айтып өтпеске болмайды. Соңғы жылдары Баку мәдениеттер, діндер және өркениеттердің диалогы құндылықтарын алға сүйрейтін озық алаңдардың бірі ретінде танылды. 2008 жылы Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевтің бастамасымен іске қосылған Баку процесі гуманизмнің жоғары құндылықтарын жаһандық деңгейде насихаттаудың ықпалды факторына айналды.

Осы орайда Президент Ильхам Әлиевтің 2018 жылы Бакуде өткен жаһандық форумдағы: «Тұңғыш Әзербайжан Демократиялық Республикасының негізін қалаушылар Әзербайжанның қазіргі таңда қалай дамып жатқанын көрер болса, міндетті түрде бізді мақтан тұтар еді. Біз де оларды мақтан тұтамыз. Біз тек тәуелсіз болған жағдайда ғана адамдардың үлкен жетістікке жете алатынын өзімізге де, әлемге де дәлелдеп жатырмыз. Адамдар өз тағдырын өз қолына алғанда ғана үлкен табысқа қол жеткізе алады. Мұның жарқын мысалы — Әзербайжан», — деген сөздерін мысалға келтіре отырып, Әзербайжан дипломатиясының бір ғасырлық қиын да күрделі жолын үлкен абыроймен жүріп өтіп, келешекке сенімді қадам басып бара жатқанын зор мақтанышпен айта аламыз. 🌟